

Тақырыбы	Әнші Әмірқан бейнесі	
Мақсаты	Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесіндегі Әмірқан бейнесін, шығарманың тақырыбы мен идеясын ашу, композициялық құрылысына сатылай кешенді талдау, Әмірқан прототипі Әміре Қашаубаевтың тарихи тұлға екендігін дәлелдеу.	
Күтілетін нәтиже	Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесіндегі Әмірқан бейнесін, шығарманың тақырыбы мен идеясын ашады. Композициялық құрылысына сатылай кешенді талдау жасайды. Әмірқан прототипі Әміре Қашаубаевтың тарихи тұлға екендігін постер қорғау арқылы дәлелдейді.	
Әдісі:	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдері: топтық әңгіме. Білім беруде АКТ қолдану, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау: критерий негізінде бағалау; Білім берудегі басқару және көшбасшылық: топтық жұмыстар шеңберінде, сыни тұрғыдан ойлауды үйрету, талантты және дарынды балаларға білім беру, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқу.	
Дереккөздер, құрал-жабдықтар	Қазақ әдебиеті. 7-сынып. Bilimland.kz интернет ресурсы, «Париж аспанын әнге бөлеген Әміре Қашаубаев дауысы» сюжет Youtube https://www.youtube.com/watch?v=gLgpufD8pDE сілтемесі ҚТРК . Постерлер, маркер, Ә.Қашаубаев уикипедия интернет ресурсы, стикер, қоржын, асықтар, лоторея билеті.	
Сабақтың барысы:	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	<p>1.Тұлғааралық байланысты орнату. <i>Оқушыларды конфет арқылы топқа бөлу</i></p> <p>2. Алдыңғы сабақты қысқаша қайталау.</p> <p>«Әдебиет лотосы» ойыны</p> <p>1.Оқиға қай қалада болды? Жетішатыр</p> <p>2.Шығармада қазақ халқының қандай ұлттық ойындары мен ырым-жоралғылары суреттеледі? Айт, той,құдалық, ат жарыс, күрес, орамал тастамақ, төс қағыстыру, көрісу.</p> <p>3.Бержабай деген кім? Өзеннің бір жағынан екінші жағына баржамен жүк адам тасушылар.</p> <p>4. Тегене деген не? Ағаштан, темірден ойылып жасалған қымыз құятын үлкен кесе.</p> <p>5.Жетішатыр қаласына келген қонақтар кімнің үйіне түсті? Жетішатыр қаласына келген қонақтарды Бержабай қос терезелі тоқал үйдің алдына әкеліп түсірді. Бұл Шәкеттің үйі болатын.</p> <p>6. Қаланың кедей жатақтары, олардың кәсібі, тұрмысы қалай суреттеледі?Байлардың көк шатырлы салауатты сарайлары жаман-жұман баспаналарды басып кететіндей қоразданып, басын көкке созады. Көк шұға тысты, жанат құндызды көк құмыра бөрік киген маубас, бордақы байларат-тұрманы жарқырап, көкмойын жегіп, былқылдақ қашабада шалқайып жатып, кататся соғады.Ескі-құсқы киім, етік-метігін қолтықтап, дорбасын, бокшасын арқалаған қаланың кедейлері жаяу-жалпы сүмендеп базарға кетіп барады.</p> <p>7. Әнші Әмірқан алғашқыда (Шәкет) үйінде өздеріне қандай әсер қалдырды? Оның салған әні мен тыңдаушылардың алған әсері, сезім күйлері әңгімеде қалай беріледі.</p> <p>Жігіттер ән сал деп қолқалаған соң, әнші сандыққа отырды. Ұшатын құстай қымтанып, қомданып алды.</p>	<p>1.Оқушылар конфет арқылы топқа бөлінеді.</p> <p>2. «Әдебиет лотосы» ойналады.</p> <p>Оқушылар қоржыннан асықты суырып, асыққа жазылған цифрлар бойынша сұрақтарға жауап береді. Жеңімпаз ұтысқа ие болады.</p>

	<p>Әнші жіберді.Сүмірейте, қылмита соқты, желдете, құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді, бойды шымырлатты. – Ойт, шіркін!.. Па, сабазым-ай!</p> <p>8.Әмірқанның автор баяндайтын тағы қандай мінез-қылықтары бар? Әмірқан - бұйығы, момақан жігіт. Кісіге тез үйір болатын, жолдасқа жанын қиятын жігіт. Кім көрінгенге сенеді.</p> <p>9. Автор Әмірқанды қалай суреттейді? Шәулі қаршығадай шап етер, киіктің асығындай тап етер.</p> <p>10. Қазақ шәкірттерінің сауық жасауына не себеп болды? Сауықты Наурыз мерекесіне арнап жасады. Онда қазақтың оқыған жастары спектакль қойып, хор, ән, домбыра оркестрмен өткізді.</p> <p>11. Әмірқан Наурыз мейрамындағы сауықта әнді қалай салды? Әмірқанның салған әнінен зал жаңғырып, күңіреніп кетті. Сұңқылдағын көмейі сызбызғының үніндей болды.Қалың қазақ даласын әнімен залға сығызғандай әсермен салды. Енді бір әнінде қкінішті, қасіретті мұңды әнді сарнады.</p> <p>12. Әмірқанның әнші болуына кімнің ықпалы болды? Әмірқан әкесіне еріп ел аралаған. Алғаш ән салуды үйреткен әкесі. Кейін әкесі қайтыс болған соң, Жұмабек деген әншіден үйренген.</p> <p>13.Керуенкөлге құс атуға барған сапарында Әмірқан қасындағы жолдасына қандай әңгіме айтты?</p> <p>14. Әмірқан ұрылардың қолынан қалай босап шықты? Ұрылардың әні Исақ – Ермектің, Иманжүсіптің, Балуан Шолақтың, Мәдидің әндерін салды. Өнеріне тәнті болған ұрылар оларды таудан шығарып салды.</p> <p>15. Әмірқан әнді қалай салушы еді? Әмірқан ән салса, өзін-өзі ұмытады, әннің әуеніне төңкеріледі, дауысы көмейінен емес, жүрегінен шығады. Әннің нақысын ұғады, рахаттанып, гүл-гүл жайнайды.Тыңдаушысы болса шабыттанып айтады. Тыңдамай, жыбырлап сөйлесе бастаса, орнынан тұрып кетеді, айтпайды.</p> <p>16. Әмірқанның бар асыл бұйымы - домбыра</p>	
Тұсаукесер	<p><i>Сабақтың тақырыбын білдіретін мәселелер.</i> «Париж аспанын әнге бөлеген Әміре Қашаубаев дауысы» атты сюжетті Youtubemen онлайн режимінде көрсету. «Экспо -2017» көрмесімен байланыстыру.</p>	Сюжет бойынша оқушы пікірі.
Негізгі бөлім	<p>1-топ. Де Боненің «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі. Ақ – фактілер, орташа объективті ақпарат әңгіме бойынша. Қара – сыни аналитик, логикалық негатив. Қызыл – эмоциялар мен болжамдар. Сары – шуақты оптимизм, логикалық позитив. Жасыл - шығармашылық өсу. Ақтамақ хикаясын аяқтап жазу. Көк – крутой. Ұйымдастырушылық шолу.Шешім.</p> <p>2-топ. Талдау – табыс кілті. Әңгіменің сюжеттік-композициялық құрылымына сатылай кешенді талдау. 1.Авторы – Ж.Аймауытов</p>	Әр топ берілген тапсырма бойынша жұмыстанады.

	<p>2.Тақырыбы – ән өнері, ән өнерінің тұлғасы Әміренің әншілік өнерін насихаттау</p> <p>3. Идеясы – өнерді қадірлеу, құрметтеу.</p> <p>4.Эпикалық жанр түрі – әңгіме.</p> <p>5.Шығарманың композициялық құрылысы.</p> <p>5.1. Оқиғаның басталуы – әншімен алғашқы таныстық.</p> <p>5.2.Оқиғаның байланысуы – ән күдіреті.</p> <p>5.3. Оқиғаның дамуы – Наурыз тойы.</p> <p>5.4. Оқиғаның шиеленісуі – Ақтамақ хикаясы.</p> <p>5.5 Оқиғаның шарықтау шегі – өлімді жеңген өнер күдіреті.</p> <p>5.6. Шешімі – әншінің көз жасы.</p> <p>6.Әдеби- теориялық ұғымдар: Троп пен фигура.</p> <p>Тенеулер – жеңешедей, сырлы қасықтай, құстай, шайдай, қаршығадай, асығындай, қаздай, үніндей, күйіндей, тауындай, дауылдай, суындай, қуындай, беліндей, желіндей, келіндей, қалпақтай.</p> <p>Эпитет – <u>ақ құба</u>, <u>бидай өңді</u> кербез жеңгей, тоқал үй (ербең құлақ, май ауыз, май құлақ)</p> <p>Портрет – Ербең құлақ, едірек, талтиған тәпек асық. Шәулі қаршығадай шап етер, киіктің асығындай тап етер.</p> <p>Фигуралар</p> <p>Инверсия – сұңқылдаған, ескектеген, желпілдеткен, жаяулатса, тамылжытып,</p> <p>Анафора – Тағы да шық, тағы да! Тағы шықты Әмірқан.</p> <p>Көркем сөздердегі дыбыс таңдау.Дыбыс қайталаушылық.</p> <p>Аллитерация – Сұңқылдаған көмейі Сыбызғының үніндей Төмендете сорғалап Тас бұлақтың суындай Тағы да шық, тағы да! Тағы шықты Әмірқан.</p> <p>Ассонанс Аспандап соққан айғайы Алтайдың асқар тауындай</p> <p>Тәрбиелік мәні - ...</p> <p>3-топ. Әмірқан – ән қанатында. Ел жадында. Постер қорғау. Интернет ресурс. Уикипедия материалдары.</p> <p>4-топ.</p> <p>Ыстық орындық әдісі. Бүгінгі таңдағы дәстүрлі әншілерден кімдерді білесің? Әнші Әмірқан мен қазіргі әншілердің қандай айырмашылықтары бар деп ойлайсың?</p> <p>РАФТ стратегиясы. Кейіпкерге хат (оқушының қиял шеберлігіне байланысты)</p>	
Қорытынды	<p>Бекіту. Тақырыптық тест. Bilimland.kz интернет ресурсы.</p> <p>Үйге тапсырма. Әміре Қашаубаевтың орындаған әндерін тыңдап, «Әнші» әңгімесіндегі сипаттамаларды салыстыру.</p>	Тақырыптық тестіні орындайды, топ көшбасшысы топ мүшелерін бағалайды. Топтар

	Бағалау. Оқыту үшін бағалау, оқу үшін бағалау. Рефлексия.	бірін-бірі бағалайды.
--	--	--------------------------

1. Ж.Аймауытұлының туған жерін белгілеңіз
 - А) Павлодар облысы, Баянауыл ауданы
 - В) Қостанай облысы, Тобыл ауданы
 - С) Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданы
 - Д) Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырыр ауданы
2. «Әнші» әңгімесінде оқиға қай қалада өтетінін көрсетіңіз.
 - А) Ақмола В) Ақмешіт С) Отырар Д) Жетішатыр
3. Әдебиеттегі прототип терминінің не екенін табыңыз
 - А) оқиғаның шарықтау шегі
 - В) өмірде бар бастапқы, түпкі тұлға
 - С) өмірдегі қайшылықтардың өнердегі көрінісі
 - Д) оқиғаның шешімі
4. «Әнші» әңгімесінің басты тақырыбын көрсетіңіз
 - А) махаббат бостандығы В) әйел тендігі С) өнер, адамгершілік Д) ауыл өмірі
5. Әңгімедегі басты тұлға Әмірқанның прототипін белгілеңіз.
 - А) Әміре Қашаубаев В) Жаяу Мұса С) Естай Д) Жарылғапберді
6. Жетішатыр қай қаланың көне атауы
 - А) Ақтөбе В) Тараз С) Семей Д) Орал
7. Шығармадағы әнші Әмірқанның сүйген қызын көрсетіңіз
 - А) Ақмоншақ В) Ақтамақ С) Ақторғын Д) Ақтоқты
8. Әңгімедегі оқиғаның шешімін белгілеңіз
 - А) Әншімен танысу
 - В) Ақтамақ хикаясы
 - С) Наурыз тойы
 - Д) Әншінің көз жасы
9. Шығарманың идеясын табыңыз
 - А) оқу-білімге шақыру
 - В) адамгершілікке баулу
 - С) өнерді құрметтеуге үндеу
 - Д) туған жерді сүйу
10. Әңгіме жанрының анықтамасын белгілеңіз.
 - А) қара сөзбен жазылған шағын көлемді көркем шығарма
 - В) сюжеттік құрылымы күрделі, көлемді эпикалық шығарма
 - С) өлең үлгісіндегі әдеби туындылар.
 - Д) драмалық шығармалардың жиынтығы

1-тапсырма. Сәйкес бағандарды белгілеңіз.

Жалқы есім	Адам аты	Жер-су аты
Жетішатыр		
Шәкет		
Керуенкөл		
Әбіжан		
Ормамбет		
Итжатпас		

Әмірқан		
Жұмабек		
Алтай		
Рахымбек		

2-тапсырма. Дұрыс жауабын белгілеңіз

Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесіндегі оқиға **Орынбор / Жетішатыр** қаласында өтеді.

Отыз тиынға **бержабай/ қашаба** жалдап, **сенбі/ жексенбі** күні ар жаққа тарттық.

3-тапсырма. Бос орынға қажетті сөзді қойыңыз.

Әңгімедегі басты кейіпкер Әмірқанның прототипі әйгілі жезтаңдай әнші _____

Әміре Қашаубаев Жүсіпбек Елебеков Мәди Бөпейұлы